

"Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 673 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

"Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Заңы**

**Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің
аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды
ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы
келісім жасасу туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Нартай Нартайұлы Дүтбаевқа Қазақстан Республикасының атынан Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ЖОБА

**Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің
аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды**

**ұйымдастыру және өткізу туралы
КЕЛІСІМ**

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер (бұдан әрі - Тараптар),
Тараптар халықтарының бейбіт өміріне терроризмнің едәуір қауіп-қатер төндіретіндігін
т ү с і н е о т ы р ы п ,

Тараптар аумағында терроризмге қарсы күрес тиімділігін қамтамасыз ету
м а қ с а т ы н д а ,

Қалыптасқан жағдайда Тараптардың келісілген іс-қимылдары терроризмге қарсы күресте табанды қажеттілік болып табылатындығына көз жеткізе отырып,

Терроризмге қарсы күрес ісінде Тараптар ынтымақтастығын нығайту ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер халықтарының мүдделеріне жауап беретіндігін ескере отырып,

Тараптар аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізудің құқықтық негіздерін құруға ұмтыла отырып,

2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясын, 2001 жылғы 15 маусымдағы терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын, 2002 жылғы 7 маусымдағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы келісімді басшылыққа ала отырып,

ұлттық заңнаманы, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім мақсаттары үшін онда қолданылатын түсініктер:

терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралар - сұрау салушы Тараптардың аумағында терроризмге қарсы арнайы құралымдар күштерінің келісілген ниеті мен жоспары бойынша Тараптардың құзыретті органдарымен өткізілетін терроризмге қарсы күрес б о й ы н ш а і с - ш а р а л а р ы н ;

терроризмге қарсы арнайы құралымдар - терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу үшін ұлттық заңнамаға сәйкес әрбір Тарап құрған мамандар тобын ;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар - терроризмге қарсы арнайы құралымдар бөлімшелерінің жеке құрамы, терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралар басқармасы органының құрамына енгізілген адамдар және терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге жәрдем көрсетуші басқа да адамдарды;

сұрау салушы Тарап - өз аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу үшін терроризмге қарсы арнайы құралымдарды жіберу туралы сұрау салумен

ш ы қ қ а н

Т а р а п ;

сұрау салынушы Тарап - терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу үшін терроризмге қарсы арнайы құралымдарды жіберу туралы сұрау салушы Тарап сұрау салу мен ш ы қ қ а н Т а р а п т ы ;

жәрдем көрсету туралы сұрау салу - терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге жәрдем көрсету туралы сұрау салынушы Тараптың құзыретті органына сұрау салушы Тараптың құзыретті органының өтінішін;

құзыретті орган - терроризмге қарсы күресті ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асырушы және терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу үшін жауапты Тараптың мемлекеттік органын;

камтамасыз етудің арнайы құралдары және материалдары - терроризмге қарсы іс-шараларды өткізу кезінде пайдаланылатын және сұрау салынушы Тараптың аумағынан шығару үшін ұлттық заңнамаға сәйкес рұқсат етілген қару-жарақтар мен әскери техника, қарулар мен оқ-дәрілер, жабдықтар, байланыс құралдары, терроризмге қарсы арнайы құралымдарының қару-жарақтары, техникалық, көліктік және өзге де арнайы құралдар мен материалдарды;

ШЫҰ ӨТҚҚ-ның Атқару комитеті - Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқару комитетін білдіреді.

2-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізудің құқықтық негізін Тараптардың ұлттық заңнамасы, олардың халықаралық міндеттері, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормалары, сондай-ақ осы Келісім құрайды.

3-бап

Сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар сұрау салушы Тараптың аумағында болған кезеңде сұрау салушы Тараптың заңдары мен әдет-ғұрыптарын сыйлайды.

4-бап

Сұрау салушы Тарап сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың құқықтық ережелерін сыйлайды.

5-бап

Терроризмге қарсы арнайы құралымдардың сұрау салушы Тараптың аумағында болған кезінде және басқа Тараптың аумағы бойынша транзит уақытында Тараптар мыналарды басшылыққа алады:

Сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларға қатысты және терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге қатысушылар сұрау салушы Тараптың және транзиттік Тараптың заңнамасын қолданбайды. Кез келген жағдайда олар сұрау салынушы Тараптың юрисдикциясында болады;

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушы құқық бұзушылық жасаған кезде оған өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктеледі;

Тараптардың әрқайсысы сұрау салушы Тараптың аумағында қылмыс жасаған оның терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларды ұлттық заңнамаға сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндеттенеді;

құқықтық көмек көрсету шеңберінде процессуалдық амалдар жүргізу кезінде Тараптар ұлттық заңнаманы және өздеріне алынған халықаралық міндеттемелерді басшылыққа алады.

6-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралар террористік іс-әрекеттердің жолын кесу мақсатында өткізіледі, оның ішінде: кепілге алынған адамдарды босату;

жоғары технологиялық және экологиялық қауіпсіздік, атом өнеркәсібі, көлік, энергетика, химиялық өндіріс объектілерін және өзге де (дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың және т.б. ғимараттары мен орын-жайлары) басып алған объектілерді босату;

жарғыш құрылғыларды немесе өзге де құрылысы күрделі жойғыш құрылғыларды зиянсыздандыру;

террористерді, террористік топтарды және/немесе ұйымдарды бейтараптандыру.

7-бап

Тараптар өзара келісім негізінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының көмегімен терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге қатысатын терроризмге қарсы арнайы құралымдары дайындығының келісілген бағдарламаларын әзірлеуі және терроризмге қарсы арнайы құралымдардың бірлескен жаттығуларын, олардың мамандарын машықтанудан өткізуі мүмкін.

8-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу туралы шешім сұрау салушы және сұрау салынушы Тараптармен бірлесе жазбаша немесе ауызша нысанда қ а б ы л д а н а д ы .

Сұрау салушы Тарап ШЫҰ ӨТҚҚ-ның Атқару комитеті арқылы қабылданған шешім туралы басқа Тараптарға хабарлайды.

9-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу үшін терроризмге қарсы арнайы құралымдарды жіберу туралы сұрау салуды орындау мүмкін болмаған кезде немесе орындаудан бас тартқан жағдайда сұрау салынушы Тарап бұл жөнінде жазбаша нысанда сұрау салушы Тарапқа жедел ескертеді және сұрау салуды орындауға кедергі болатын себептер туралы хабарлайды.

Егер сұрау салынушы Тарап мұндай сұрау салуды орындау барысында орындау оның егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе басқа да маңызды мүдделеріне залал әкелуі немесе ұлттық заңнамаға қайшы келуі мүмкін деп есептеген жағдайда толық немесе і ш і н а р а б а с т а р т у ы м ү м к і н .

Егер сұрау салынушы Тарап аталған сұрау салуды тез арада орындау оның аумағында жүзеге асатын жедел іздестіру қызметіне, қылмыстық қудалауға кедергі жасауы мүмкін деп есептесе, сұрау салуды орындауды кейінге қалдыруы немесе оның орындалуын қажетті ретінде айқындалған шарттарды сақтаумен байланыстыруы мүмкін.

10-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу барысында ШЫҰ ӨТҚҚ-ның Атқару комитеті өз құзыреті шеңберінде Тараптарға жәрдем көрсетеді.

11-бап

Сұрау салушы Тараптың құзыретті органы терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу туралы шешім негізінде сұрау салынушы Тараптың құзыретті органына жәрдем көрсету туралы сұрау салады және бұл туралы ШЫҰ ӨТҚҚ-ның Атқару комитетін хабардар етеді.

Жәрдем көрсету туралы сұрау салу жазбаша нысанда, оның ішінде мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып жолданады.

Жәрдем көрсету туралы сұрау салуға сұрау салушы Тараптың басшысы немесе

оның орнындағы адам қол қояды және/немесе аталған органның елтаңбалық мөрмен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Сұрау салушы Тарап сұрау салудың түпнұсқалылығына немесе мазмұнына күмән тудырған кезде қосымша растауға сұрау салуы мүмкін.

Жәрдем көрсету туралы сұрау салу және оларға қоса жүретін құжаттар, сондай-ақ басқа (жедел) ақпарат сұрау салынушы Тараптың құзыретті органына орыс немесе қытай тілдерінде жолданады.

12-бап

Жәрдем көрсету туралы сұрау салу мыналарды қамтуы тиіс:
сұрау салушы Тараптың құзыретті органының және сұрау салынушы Тараптың
құзыретті органының атауы;

істің, сұрау салудың мәнін, мақсаттарын және негіздемесін баяндау;

сұрау салынатын жәрдемнің сипаттамасы;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізетін жерге сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарын жеткізудің тәсілдері мен шарттары туралы ақпарат және оның барған еліне, соның ішінде сұрау салушы Тараптың мемлекеттік шекарасынан өтетін жері, уақыты және тәртібі туралы мәлімет;

жәрдем көрсету туралы сұрау салу сұрау салуды тиісінше орындау үшін пайдалы өзге де ақпаратты қамтуы мүмкін.

13-бап

Сұрау салушы Тарап терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізетін жерге сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларды қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Орналастыру тылдық және техникалық қамтамасыз ету сұрау салушы Тараптың есебінен жүзеге асырылады.

Сұрау салушы Тарап сұрау салынушы Тараптың құзыретті органымен бірлесе отырып, сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құрылымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларды қатынас еркіндігімен қамтамасыз етеді.

14-бап

Сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың, осы құралымдардың жекелеген мамандарының Тараптардың мемлекеттік шекараларының

өту кезінде, сондай-ақ Тараптарды қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын олар арқылы өткізуге тиісті рәсімдердің белгіленген ұлттық заңнамаларымен жедел орындалуына ықпал етеді.

Сұрау салушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар, осы құралымдардың жекелеген мамандары белгіленген өткізу пункттерінде Тараптардың мемлекеттік шекараларынан өтуді жеңілдетілген тәртіппен жеке басын сәйкестендірусіз және кедендік бақылаусыз сұрау салынушы Тараптың құзыретті органы куәландырған құжат негізінде жүзеге асырады.

Қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын Тараптардың мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу сұрау салынушы Тараптың құзыретті органы куәландырған қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдар тізбесі негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Тараптар оларды кедендік жиындар мен өзге де төлемдерден босатады, тексеруге, алып тастауға және тәркілеуге жатпайды.

15-бап

Сұрау салушы Тараптың аумағы бойынша сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларды немесе осы құралымдардың жекелеген қатысушыларын, сұрау салынушы Тараптың қамтамасыз ету арнайы құралдары мен материалдарын өткізу сұрау салушы Тараптың құзыретті органы өкілінің бақылауымен жүзеге асырылады.

Сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларды немесе осы құралымдардың жекелеген қатысушыларын, сондай-ақ басқа Тараптың аумағы бойынша қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын транзиттік өткізу оның құзыретті органының рұқсаты және көмегімен жүзеге асырылады.

16-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды дайындау және өткізу үшін сұрау салушы Тарап басқару органын құрады.

Басқару органының басшысын сұрау салушы Тарап тағайындайды және өзін тағайындаған адамға бағынады.

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар басқару органының басшысына бағынады.

Басқару органының құрылымын, терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың мақсаттары мен міндеттерін басқару органының басшысы айқындайды.

Басқару органының құрамына терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысатын терроризмге қарсы арнайы құралымдардың басшылары, Тараптардың құзыретті органдарының және ШЫҰ ӨТҚҚ-ның Атқару комитетінің өкілдері енеді.

Басқару органында іс орыс және/немесе қытай тілдерінде жүргізіледі.

Басқару органының негізгі міндеттері:

Жағдайы туралы мәлімет жинау, келіп түскен ақпаратты қорыту, бағалау және талдау оны терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларға және сұрау салушы Тараптың терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға тартылатын басқа құрылымдарына жеткізу;

басқару органы басшысының шешімін қабылдау үшін ұсыныстар дайындау; терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу жоспарын әзірлеу және іске асыру;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар арасында байланыс және өзара іс-қимыл ұйымдастыру;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге басшылық жасау және болуы мүмкін келеңсіз салдарларды болдырмау бойынша шара қабылдау;

қажет болған кезде келіссөздер жүргізу тәсілін жасау және оларды терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу объектісі болып табылатын адамдармен өткізуді ұйымдастыру;

мемлекеттік билік және сұрау салушы Тараптың басқару органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу аймағында жедел іздестіру іс-шараларын және тергеу амалдарын өткізуді қамтамасыз ету;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралардың қорытындыларын шығаруды ұйымдастыру болып табылады.

17-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру үдерісінде басқару органының басшысы:

басқару органының лауазымды адамдарын тағайындайды; терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу аймағын айқындайды; терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды дайындауға және өткізуге басшылық етеді;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларды және қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын пайдалану туралы іс-қимылда шешім қабылдайды;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу жоспарын бекітеді; терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың іс-қимылын бастау

және аяқтау және қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын пайдалану
у а қ ы т ы н а й қ ы н д а й д ы ;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың іс-қимылын
үйлестіруді жүзеге асырады;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларға қамтамасыз етудің
арнайы құралдары мен материалдарын қолдану тәртібі туралы сұрау салушы Тарап
заңнамасының талаптарын жеткізеді;

адамдарға терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізудің объектілері болып
табылатын келіссөздер жүргізуге рұқсат етуді жүзеге асырады;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізудің барысы және нәтижелері
туралы сұрау салушы Тараптың мемлекеттік билік органдарының, ШЫҰ ӨТҚҚ-ның
Атқару комитетінің және бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларын хабардар
е т е д і ;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралардың аяқталуы туралы сұрау салушы
Тарапқа ұсыныс енгізеді және тараптардың құзыретті органдарына және ШЫҰ
ӨТҚҚ-ның Атқару комитетіне оны өткізу нәтижелері туралы есеп ұсынады.

18-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуді басқаруға басқару органы
басшысын тағайындаған тұлғадан тыс өзгелердің араласуына жол берілмейді.

19-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың іс-әрекеті және
қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын пайдалану туралы шешімді
басқару органының басшысы сұрау салушы және сұрау салынушы Тараптардың
терроризмге қарсы арнайы құралымдарының басшыларымен келісе отырып
қ а б ы л д а й д ы .

Сұрау салынушы Тараптардың терроризмге қарсы арнайы құралымының басшысы
өз Тарабының құзыретті органдарымен келісе отырып, терроризмге қарсы бірлескен
іс-шараларды өткізу жоспарын әзірлеу барысында, өзі басқаратын терроризмге қарсы
арнайы құрылымды жекелеген шараларға қатыстырудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте
бас тарту себебін көрсету арқылы баянат түрінде жазбаша нысанда ресімделеді.

Шешім басқару органы басшысының жазбаша бұйрығымен әзірленеді.

Қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын қолдануды көздейтін
терроризмге қарсы арнайы құралымдар іс-қимылға енгеннен кейін, тек терроризмге
қарсы арнайы құралымның басшысы ғана осы баптың үшінші абзацында айтылған
бұйрықты орындау кезінде терроризмге қарсы арнайы құралымдардың іс-қимылына
тікелей басшылық етуді жүзеге асырады, ал терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға

қатысушылардың іс-қимылдары аса қажеттілік ретінде қарастырылады.

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу жоспарымен көзделген терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде жасалатын іс-қимылдар тәртібі терроризмге қарсы арнайы құралым басшысымен келісіле отырып, басқару органының басшысы өзгертуі мүмкін.

20-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу барысында қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарын қолдану сұрау салушы Тараптардың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

21-бап

Сұрау салушы Тараппен шекаралас (шектесетін) Тарап қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда, басқару органы осы Тараптың құзыретті органын тууы мүмкін қауіптің сипаты мен ауқымы туралы хабардар етеді және сұрау салушы Тарап аумағында оны оқшаулау бойынша шаралар қабылдайды.

22-бап

Жұртшылықты терроризмге қарсы бірлескен, іс-шараларды өткізу барысы туралы хабардар ету басқару органының басшысы немесе оның тапсырмасы бойынша жұртшылықпен байланыс орнатуға жауапты тұлға айқындайтын нысанда және көлемде сұрау салушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

23-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды әзірлеу мен өткізу барысында:
терроризмді насихаттау мен ақтауға бағытталған;
терроризмге қарсы арнайы іс-шараларға қатысушылар туралы;
терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізудің арнайы техникалық әдістері
мен тактикасын ашатын;

терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде пайдаланылатын қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарының сипаттамасы туралы; сұрау салушы Тараптардың ұлттық заңнамасымен таралуына тыйым салынған өзге де ақпараттың таратылуына жол берілмейді.

24-бап

Терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралардың аяқталуы мен басқару органының таратылуы туралы шешімді сұрау салушы тарап қабылдайды.

Сұрау салушы Тарап терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралардың аяқталуы мен қорытындысы туралы өзге Тараптарды және ШЫҰ ӨТҚҚ-ның Атқару комитетін х а б а р д а р е т е д і .

Сұрау салушы Тараптың құзыретті органы Тараптардың құзыретті органдары мен ШЫҰ ӨТҚҚ-ның Атқару комитетіне терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру барысы туралы қорытынды және талдамалы материалдар жібереді.

25-бап

Сұрау салушы Тарап сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдардың құрамына кіретін, терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың, сұрау салынушы Тараптың қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарының қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Сұрау салушы Тарап аумағынан, сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдардың құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың шығарылу жоспары мен мерзімі сұрау салынушы Тараптың құзыретті органымен келісе отырып, сұрау салушы Тараптың құзыретті органы бекітеді және айқындайды.

26-бап

Терроризмге қарсы арнайы құралымның қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдары сұрау салынушы Тараптың меншігі болып табылады және (немесе) сұрау салушы Тараптың қандай да бір нысанда оқшаулауына немесе ұстап қалуына б о л м а й д ы .

Терроризмге қарсы арнайы құралымның пайдаланылмаған қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдары сұрау салынушы Тарап пен сұрау салушы Тараптың аумағынан терроризмге қарсы бірлескен іс-шаралардың аяқталуына байланысты әкетілуі тиіс. Егер ерекше жағдайларға байланысты қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарының әкетілуі мүмкін болмаса, олар сұрау салушы және сұрау салынушы Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша сұрау салушы Тарап аумағында оның ұлттық заңнамасына сәйкес іске асырылуы немесе жойылуы мүмкін.

27-бап

Сұрау салушы Тарап терроризмге Қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге қатысушы сұрау салынушы Тарапқа, оның ішінде, дене зақымдануы, өліммен байланысты залал немесе сұрау салушы Тарап аумағында тұратын жеке тұлғалардың

өмірі, денсаулығы және мүлкіне келтірілген кез келген басқа залалды (бұдан әрі - залал), сондай-ақ заңды тұлғалар мен сұрау салушы Тараптың өзіне, басқару органының басшысы қойған тапсырмаларды орындау кезінде келтірілген залалды өтеуге қатысты қандай да бір талап қоюдан бас тартады.

Егер сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымның құрамына кіретін, терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушы басқару органының басшысы қойған тапсырмаларды орындау кезінде ұйымның қандай да бір тұлғасына немесе сұрау салушы Тараптың өзіне залал келтірсе бұл залал сұрау салушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес өтеледі.

28-бап

Сұрау салушы Тараптың аумағында сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымның құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылары келтірген залал осы Келісімнің 27-бабында қарастырылмаған жағдайда, мүдделі Тараптар арасындағы уағдаластық бойынша өтеледі.

29-бап

Әкелінген қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарының жоғалуы, толық немесе ішінара жойылуына байланысты шығыстармен қоса, сұрау салынушы Тарап жұмсаған шығыстарды өтеу тәртібі мүдделі Тараптар арасындағы уағдаластық бойынша белгіленеді.

30-бап

Сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың өмірі мен денсаулығына, терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде келтірілген залалды, сұрау салушы Тараптың терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушыларға осыған ұқсас жағдайлар кезінде залал келтірілгенде қолданылатындай және оның ұлттық заңнамасымен көзделген тәртіпте сұрау салушы Тарап өтейді.

Бұл ретте сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдардың құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылар мен олардың отбасыларына, оның ұлттық заңнамасымен белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер, өтемақылар толық көлемде сақталады. Аталған тәртіп, егер мұндай залал сұрау салынушы Тараптың терроризмге қарсы арнайы құралымдарының құрамына кіретін терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларға қатысушылардың сұрау салушы Тарап аумағына келуі кезеңінде, сондай-ақ басқа Тараптың аумағында транзиттік уақытта келтірілген жағдайда қолданылады.

31-бап

Тараптар өз ұлттық заңнамаларына сәйкес осы Келісімнің күшіне ену үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалуы, сондай-ақ құзыретті органдардың немесе олардың атауының өзгеруі туралы бір мезгілде депозитарийге жазбаша хабарлайтын, терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды өткізуге және (немесе) осы Келісімді жүзеге асыруға жауапты құзыретті органдарды айқындайды.

32-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелеріне түсінік беру немесе қолданудан туындауы мүмкін даулы мәселелерді кеңес беру немесе келіссөздер арқылы шешетін болады.

33-бап

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын, өзге халықаралық шарттардан шығатын құқықтар мен міндеттерге нұқсан келтірмейді.

34-бап

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде тараптар жұмыс тілі ретінде орыс және қытай тілдерін пайдаланады.

35-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімімен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін және осы Келісімнің 36-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

36-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы жазбаша нысанда депозитарийдің төртінші хабарлама алған күнінен бастап, 30-күні күшіне енеді.

Осы Келісімнің депозитарийі осы Келісімге қол қойылған күннен бастап, 15 күн ішінде Тараптарға оның куәландырылған көшірмелерін жіберетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының хатшылығы болып табылады.

Осы Келісімнің 31-бабында көрсетілген белгілі бір құзыретті орган туралы Тараптан жазбаша хабарландыру алған күннен бастап, 15 күн ішінде депозитарий бұл жөнінде басқа Тараптарға хабарлайды.

Осы Келісім 2001 жылғы 15 шілдедегі терроризмге, сепаратизмге және

экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылған мемлекет үшін осы Келісім, оның қосылуы туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап, 30-күні күшіне енеді.

Осы Келісім Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет болып тұрғанда кез келген Тарапқа қатысты күшінде қалады.

200_ " __ " _____ каласында, бір данада орыс және қытай тілдерінде жасалды, сондай-ақ екі тілдегі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Қытай Халық Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін